



Газет 2014 жылы  
Қарағанды облысы әкімінің  
«Тіл жанашыры» сыйлығының  
лауреаты атанды

# Арқа Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №34(168) 15 қыркүйек 2016 жыл

## ЮНЕСКО ТОЙЫ ҮЙ ІШІНДЕ ҚАЛА МА?

Ақтоғай ауылында  
Ө.Бөкейханның 150 жылдық  
мерейтойына  
арналған іс-шаралардың  
бағдарламасы.

**1 күн**  
(23 қыркүйек, жұма)  
18:00 – 19:00 Алыстан  
келген қонақтардың Ақтоғай  
ауылына келіп жетуі, қарсы  
алу (Аққайыңдар бағы)  
19:00-21:30 Кешкі ас (Айфар  
мейрамханасы)  
22:00 – Демалыс (Айфар  
қонақүйі)  
**2 күн**  
(24 қыркүйек, сенбі)  
08:00-08:30 – Таңғы ас  
(Айфар мейрамханасы)  
08:30 – 09:30 Талды бейітке  
келіп жету (Шабанбай би  
ауылдық округі)  
09:30-10:00 Талды  
бейіт қорымында Құран  
бағыштау, аралап көру  
(Шабанбай би ауылдық  
округі)  
10:00-10:20 Жекежал  
қыстағына келіп жету  
(Шабанбай би ауылдық  
округі)  
10:20-11:00 – Қазақстан  
Республикасының  
қорғауындағы тарихи  
ескерткіш-белгітастың  
ресми ашылуы (Шабанбай би  
ауылдық округінің Жекежал  
қыстағы)  
11:00-12:00 Ақтоғай  
ауылына келіп жету  
12:00-12:30 – Ө.Бөкейхан  
атындағы ЖББОМ  
алдындағы бюстың ашылуы,  
мұражайды аралап көру  
(Ақтоғай ауылы)  
12:30-14:00 – Түскі ас  
(Айфар мейрамханасы)  
14:00-14:30 - «Алаш»  
алаңындағы «Үш арыс»  
ескерткішіне, «Тарих  
тағылымы» саябағына гүл  
шоқтарын қою (Ақтоғай  
ауылы)  
14:30 – 15:00 Аудандық  
археологиялық-  
этнографиялық мұражайды  
аралау (Ақтоғай ауылы)  
15:00-17:30 «Әлемдік тұлға  
Әлихан Бөкейхан және  
Тәуелсіздік тағылымы»  
атты Республикалық  
ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның басталуы  
(Ақтоғай ауылы, мәдениет  
үйі)  
17:30-18:30 - «Тоқырауын  
толқыны» халықтық ән-  
би ансамблінің концерттік  
бағдарламасы (Ақтоғай  
ауылы, мәдениет үйі)  
18:30-19:00 Қонақтарды  
шығарып салу

Әлиханды қадірлеуіміз  
керек еді ғой... ЮНЕСКО-  
ның өзі әлемдік тұлға деп  
танып, адамзат болып  
Әлекеңнің 150 жылдығын  
тойлағалы отырғанда,  
біздің кежегіміздің кері  
тартқаны не? Осы уақытқа  
дейінгі уағда, мәжілістегі  
мәміле қайда? «Дүбірлетіп  
тойлау керек» дегенді  
әкімдік те, халық та қос  
қолдап қосшаған. Бірақ...



Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ

Әлихан – ас бермесек, аласарып  
қалатын тұлға емес. Ат  
шаптыруды да шарт демей-  
ақ қояйық. Бірақ алыс-жақыннан  
келген қонаққа «міне, мынау –  
Әлихан туған жер» деп топырағын  
көрсетіп, «ал енді – конференция»  
деп көки сөйлеп, «мынау –  
ескерткіші» деп еліріп, «той осымен  
бітті» десек... Ұят! Өу басында «Нұр  
Отан» жанынан құрылған «Мирас»  
қоғамдық ұйымының отырысында  
осы мәселе талқыланып, ұтымды  
ұсыныс, орынды ой айтылған.  
Жоспар жақсы-ақ еді, іс ірігелі тұр.  
Әлиханның юбилейі ЮНЕСКО-ға  
керек пе?

Әлекеңді зерттеп, ащы терін  
алған арғымақтай шапқылап жүріп  
«ЮНЕСКО»-ны бері қаратқан  
Сұлтанхан Аққұлұлының еш кеткен  
еңбегіне обал. Өлбетте, аруақтың  
разылығы үшін тер төккеніне  
Сұлтекеңнің өкінбейтіні анық.

Бұл той жалғыз Ақтоғай  
ауданының ғана тойы емес еді  
ғой. Исі қазаққа ортақ той. Қасым

Аманжоловтың 100 жылдық тойы  
Қарағандының басында басталып,  
Қарқаралыда түйінделген.  
Әлекеңнің тойы да кем дегенде  
осы сценаримен өтуі керек-тің.  
Той басы облыс орталығында,  
жалғасы Ақтоғайда болса, сәнді  
һәм мәнді болар еді ғой. Баяғыда  
батыр болыпты-мыс деп атасына ат  
шаптырып, айтыс жасап жүретін  
қалталы қазақтар бар. Солар жөн  
білсе, Әлекең Алаштың атасы.  
Ардақтасын, құрметтесін! «Алаш»  
арыстарына «ит көрген ешкі  
көзденіп» (Абай) қарауды қашан  
қояды екенбіз осы біз?!

Қолымызға Ақтоғай ауданында  
өтетін іс-шараның бағдарламасы  
түсті. «Бақсақ, бақа екен» дегендей,  
көңілге күп кірді. ЮНЕСКО тойы  
үй ішінде қала ма?» деген сұрақ  
сылаңдап тұр. «Өткенінді ойласаң –  
өскеніңнің белгісі, бүгінінді  
ойласаң – өшкеніңнің белгісі» деуші  
еді ғой ата қазақ. Біз айтарымызды  
айттық, әкім-қараның іші білсін ■



ЕЛБАСЫ: ҚАЛЫҢ  
ҚАЛАЙ, ҚАРАҒАНДЫ?!



ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАСА,  
ЖОЛАУШЫ ҚАЙТПЕК?



ҚҰРБАН АЙТТАҒЫ  
АЙҚАЙ-ШУ



ПЕРИЗАТ ОМАРБЕКОВА

### «АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2016 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2016

| Индекс                        | Жазылу мерзімі | Қала        | Ауыл        |
|-------------------------------|----------------|-------------|-------------|
| 64540                         | 6 айға         | 1747 теңге  | 1824 теңге  |
| Жеке жазылушылар үшін         | 12 айға        | 3494 теңге  | 3648 теңге  |
| 14540                         | 6 айға         | 5393 теңге  | 5470 теңге  |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 12 айға        | 10786 теңге | 10940 теңге |

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.





# ЕЛБАСЫ: ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАРАҒАН ДЫ?!

**Нұрсұлтан Назарбаев кездесу барысында бүгінде өңір дамуында ерекше көңіл бөлуді қажет етіп отырған бірқатар өзекті бағытты атап көрсетті.**

Мәселен, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, өнеркәсіптік нысандарды дамыту және ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Н.Әбдібеков Мемлекет басшысына

өңірді дамытудың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, мемлекеттік өзекті бағдарламаларды жүзеге асыру барысы, сондай-ақ алдағы кезеңдегі жоспарлары жөнінде мәлімдеді.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысында бірқатар нақты тапсырма берді ■

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ҚОЛДАЙДЫ

Облысымызда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есебінен шағын және орта бизнесті қолдау бойынша аз уақыттың ішінде 18 кәсіпорынның өтінімін мақұлдады.

Облыс әкімдігінде өткен соңғы үйлестіру кеңесінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы бойынша екі жүзден астам өтінім қаралды. Олардың тең жартысы – БЖЗҚ қаражаты есебінен субсидиялауға өтінім берген жобалар.

Кәсіпкерлердің көпшілігі айналым қаражатын толтыру үшін әкімдікке жүгінген және несиесін қайта қаржыландыруға мұқтаждар да бар. Барлығының өтінімі мақұлданды.

«Бүгінде Қарағанды облысы аймақтық үйлестіру кеңесі 2,4 миллиард теңгеге 18 жобаны қаржыландырды. Негізінен, өндіріс және құрылыс материалдарын жүзеге асыру, тұрмыстық техника, азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар және электротехникалық



жабдықтар саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар», – деп мәлімдеді Зейнетақы қаражатына бизнесті қолдау өтінімдері туралы облыстық кәсіпкерлік басқармасы.

Айта кетейік, 2016 жылы дағдарысқа қарсы шаралар аясында Мемлекет басшысының тапсырмасымен БЖЗҚ қаражатынан ел экономикасына 1,45 триллион теңге аударылды. Мұндағы 200 миллиард теңгеге айналма қаражатқа немесе ескі қарыздарын қайта несиелеуге мұқтаж шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру қарастырылған ■



## БЕТІНЕН ҚАҚПА, БЕЛІН БУ

2016 жылдың 9 қыркүйегінде Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы мен «Болашақ» академиясы базасында қаламыздағы ЖОО жастар ұйымдарының жаңа оқу жылындағы алғашқы отырысы өтті.

Келешектегі ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және қаланың оқу орындарында жастар бастамаларын біріктіру мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

Шараға Жастар ісі жөніндегі комитеттің 5 төрағасы, 5 ЖОО өзін-өзі басқару органдарының 22 өкілі және ТжКБ-ның 18 ұйымы қатысты.

Кездесу белсенді диалог түрінде өтті, қатысушылар жастар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді талқылау мүмкіндігіне ие болды ■

## ВИЗАСЫЗ ҚОНАҚҚА РИЗАСЫЗ БА?



ҚР Ішкі істер вице-министрі Берік Бейсенқұловтың Парламент Сенатында таныстырған «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ауғанстан ислам республикасының үкіметі арасындағы азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімшартты ратификациялау туралы» заң жобасы депутаттардың көңіліне кірбің ұялатты. Бұл заң қабылданатын болса, елімізге террорлық қауіп төнуі мүмкін.

Вице-министр Берік Бейсенқұловтың айтуынша, келісімнің аясында төтенше жағдайларға болжам жасау, мониторинг жүргізу, осы салада мамандарды даярлау, бірлескен оқу-жаттығулар өткізу және тағы басқа шаралар қарастырылған. Сондай-ақ ауған құтқарушылары көмекке келген жағдайда, оларға визасыз режим ұсыну көзделіп отыр. Ал бұл дегеніміз елімізге кез келген уақытта ауғанстандық содырлардың өтіп кетуіне мүмкіндік береді. Ең сорақысы сол – Қазақстан азаматтарына басқа қалаға барып, он күннен артық тіркеусіз тұруға қарсы шыққан министрлік өкілдері бұл жолы ауғанстандықтарға визасыз кіру еркіндігімен қатар тіркеусіз тұруға да рұқсат беруді сұрап отыр.

Бұл заң жобасына сенатор Бірғаным Әйтимова бірден қарсы шықты. Оның ойынша, ондай режим арқылы сан алуан радикалды топтың Қазақстанға өтіп кетуі өбден мүмкін.

«Ол жерде өзара көмек беруге арналған «еркін топтар» туралы айтылған. Бұл қандай топтар өзі?

Құтқарушылар ма? Басқа біреулер ме? Мен өзім аталған бапты жамылып террористік топтар өтіп кете ме деп қорқамын. Осыны ашып жазу қажет сияқты. Ал, ең бастысы, келісімнің 11-бабында көмек сұраған мемлекеттің шекарасын кесіп өту және сол елде болу шарттары жазылған. Қараңыз, төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары аяқталғанша, біз оларға визасыз режимді, тіпті, тұрғылықты жерін көрсетпеуге рұқсат беріп отырмыз. Алайда Ауғанстанда террористік қауіптің бар екенін бәріміз жақсы білеміз. Енді осы келісімде ел қауіпсіздігі ескерілген бе? Құтқарушылар тобы деп елімізге террористік топтар өтіп кетпей ме?» – деп сұрады Б.Әйтимова.

Бұл сауалға жауап қатқан вице-министр келушілерді алдын ала тексеріп тұратынын айтқан, әйтсе де жауап сенатор ханымның көңілінен шыққан жоқ. Десек те, сенаторлар келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қолдап, Сенаттың бірлескен отырысында талқылауды ұйғарды. Дегенмен олар «еркін топтардың» тұрғылықты жерін көрсетпеуге, яғни ықтиярхатсыз жүріп-тұруларына рұқсат беру мәселесін әлі де пысықтау қажет деп санайды ■



«КТК» АРНАСЫ:

АҚШ-та 2001 жылы 11 қыркүйекте болған трагедия елімізде қайталануы мүмкін еді. Лаңкестер ол үшін әуежай, тіпті, әскери бөлімдерге шабуыл жасап, ұшақ ұрламақшы болыпты. Бүгін Ұлттық қауіпсіздік комитеті қолға түскен радикалды топ мүшелері ойластырған жарылыстар туралы айтып берді. Тек бұл ғана емес, олардың арасында Ресейдің Балқаштағы әскери бөлімін жарып жібермек болғандар да бар ■



-шоу



Меніңше...



– Осы біздің қазаққа қайран қаламын! Рақымжан Отарбаев Мұхтар Мағауин туралы пікір айтыпты деп бұлқан-талқан болып жатыр. Ал, жарайды, айтқан шығар. Қақысы бар. Ол да – жазушы, ойы бар, пікірі бар. Біреуге ұнайды, біреуге ұнамайды. Мағауин да солай. Өз араларындағы қарым-қатынас, бәсекелестік шығар. Алайда осы үшін қалған халықтың қылғынатындай жөні бар ма?

Аузы бар, айтады да. Қажеті болса, Мұқаң өз жауабын берер. Бала емес, кемтар емес. Қарымды қаламгер, тірі классик жазушы. Жазушылық – дін емес. Мағауин – Қағба емес. Жазушылық, шығармашылық үшін бұл үрдіс, тіпті, пайдалы, керек десеңіздер. Бүгінгі Әдебиетіміздің тұралап қалуы, айналып келгенде, сынның жоқтығынан. Әдеби ортадағы бәсекелестіктің жоқтығынан.

Маған десе, біріккен одақтың да қажеті жоқ. Қырық одақ, жүз ұйым болсын. Бір-бірін түтіп жесін, аямай сынасын, сынағанда, шаңы көкке шықсын! Бұл бүгінгі боқ сасыған болотодан жақсы. Мағауин Отарбаевқа емес, қоғамға жауап беруі керек. Жаңа романымен, жаңа дүниесімен, жаңа жазбаларымен ■

Айдос САРЫМ,  
саясаткер

## ҚИЯРҒА ПИАР



Облысымызда шанышқыға шаншылған қиярдың ескерткіші пайда болды. Биіктігі 8 метр. Мүсінге айналған көкөніс Топар ауылындағы жылыжайдың аумағында бой көтерген.

Жанында алма мен лимонның да мүсіндері бар. Әрқайсысының салмағы 3 тоннадан асатын композициялар құбылмалы климатқа төтеп беретін полимербетон материалынан жасалған. Аталған көкөністер мен жеміс – кәсіпорынның негізгі өнімдері. Көрсетер қызметіне орай орнатылған ескерткіш Қарағанды қаласында да бар. Мәселен, қаланы сумен қамтамасыз ететін кәсіпорын ғимаратының алдына үлкен құбыр орнатылған. Бір қызығы, алып деталь кезінде ауызсу ағынына пайдаланылған. Ескірген соң, көп жылғы қызметі ескеріліп, ескерткіш ретінде орнатылыпты ■

## Құлаққағыс!

Жөндеу жұмыстарына байланысты 2016 жылдың 10 қыркүйегінен бастап Бұқар жырау даңғылы Молоков көшесімен түйісетін тұстан теміржол өткеліне дейін жабылды. Жол қатынасына қатысты одан кейінгі жабылатын аймақтар жөндеу учаскелеріне сай жүзеге асырылатын болады. Қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз ■

## Мәссаған!

# СӨЗ СЕМІЗ, ІС АРЫҚ

Қарағанды жаңа оқу жылына дайын емес. Дәлірек айтқанда, пән бар, бірақ оны оқитын оқулық жоқ. Сонда оқушы қайтпек?

Қарағанды қалалық білім бөлімі басшысының осыдан тура 12 күн бұрын берген сұхбатындағы «балалар оқулықтармен 100 пайыз қамтылады» деген мәлімет жалған болып шықты.

Өйткені оқу жылы басталғалы, кітап дүкендерінің алдындағы ұзын-сонар кезек әлі де толастар емес. Барлығы «Атамұра» баспасынан биыл шыққан кітаптарды іздеуде. Себебі мектептердің көбінде осындай талап қойылған. Тегін оқулықтардан үміт үзген ата-аналар әсіресе бастауыш сынып оқушыларына кітап жетпей жатқанына наразы ■



Нұрсұлу СЕЙСЕМБЕКОВА, Қарағанды қаласының тұрғыны:

– Бала үшін сатып аламыз, енді не істейміз? Кеше 5 мыңдай кетті. Бүгін білмеймін енді... Қазір қанша... Общий 8-9 мыңдай болатын шығар. Қарағандыда 7-сыныптың оқулықтары да таппы. Халық мектептерде 7-сынып оқушыларына қажетті 17 пән оқулығының тек 5-еуі ғана таратылғанын айтады. Ал мұғалімдер жоқ оқулықтардың тізімін жазып, еселеген бағаға сатып алуларын талап етіпті. Бірақ оларды табу оңай емес екен.

Дулат ЖЕКЕБАЕВ, Қарағанды қалалық білім бөлімінің жетекшісі:

– Қыркүйектің басында, кейде қыркүйектің 15-іне дейін ондай болады бізде. Мысалы, баласын басқа мектепке береді, ұнамайды, содан кейін баласын басқа мектепке ауыстырады. Биыл білім ордаларын қажетті оқулықпен қамтамасыз ету үшін қаражат аямай бөлініпті. Әуелде аударылған 231 миллион теңгеге жергілікті бюджеттен қосымша ретінде тағы 23 миллион берілген. Ал мектеп басшылары білім бөліміндегілерге оқулықтар жөнінде есеп берді. Баяндамаларында кітап жетіспегені айтылса, міндетті түрде таратамыз деп отыр.



«АЗАТТЫҚ ОРГАНИЗАЦИЯСЫНЫҢ БІЛДІРЕДІ?» – Қазақстанда Үкімет құрамы жаңартылатыны хабарланды. Үкіметті ауыстырудың астарында не жатыр? Кәрім Мәсімовтің Үкіметі не тындырды? **ZHASALASH.KZ** «АЛТЕКЕҢ АЙТҚАН «АЗАПТЫ ДИЛЕММА» ЖАҚЫНДАП КЕЛЕДІ!» – 2006 жылы ақпан айының басында Алтынбек Сәрсенбайұлы «Время» газетіне сұхбат берген. Сұхбаты «Біз қайда бара жатырмыз?»

(«Куда мы идем?») деп аталады. 2005 жылғы «кезектен тыс президент сайлауынан» кейінгі сұхбат болғандықтан, биліктің қорқаулығы мен азаматтық қоғамның әлжуаздығы баса сөз болады. **ABAI.KZ** «МҰНАЙЛЫ ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ДАҒДАРЫС БОЛМАУЫ КЕРЕК ЕДІ!» – Тәуелсіздік алғалы 1 миллиард 400 млн тонна мұнай өндіріппіз! Сонда қалайша ғана дағдарысқа ұшыраймыз? Елімізде бар болғаны 17 миллиондай ғана


тұрғын бар... Тіпті түсініксіз жағдай, миға сыймайды!.. Соншама көл-көсір дүниені малданып отырып, неге біз дағдарысқа ұрындық?.. Мұнайдан басқа да қазба байлықтарымыз шаш етектен емес пе?.. Бұл аз болса, 2009 жылы Қазақ елінің мұнай өндіруіне 110 жыл толуына орай көрсетілген деректерге үңілсек, сол өткен жүзжылдықтағы өндірілген мұнай көлемі 4 млрд 600 млн тоннаны құраған!..

**DALANEWS.KZ** «АДАМ АЛЛАҒА НЕСІМЕН ҰНАЙДЫ?» – Қазіргі таңда күйбең тіршіліктің күйкі тірлігімен жүріп, көп нәрсеге мойнымыз жар бермей жататыны бар. Адам қалай пайда болды? Біз не үшін, кім үшін өмір сүріп жүрміз? Өмірге келгендегі мақсатымыз не? Теңіздер мен таулар не үшін керек? Алып планеталарды кім жаратты? Оларды бір-біріне соқтығыспайтындай етіп, әлемдік тепе-теңдікті ұстап тұрған кім? Иә, сұрақ көп, жауап та аз емес ■



## Бастама

## ГОЛОВКИНДІ АЛТЫНМЕН АПТАМАҚ



Қазақстандық кәсіпқой боксшы Геннадий Головкинге туған жері – Қарағанды облысының Майқұдық қаласында «алтыннан» мүсін орнатылуы мүмкін. Қазір мүсіншілер жобаны әзірлеп жатыр.

Мүсінші Гамал Сагиденовтің айтуынша, қазір ол жобаны жан-жақты талқылап жатыр. Геннадийдің мүсінін жасау жанкүйерлерінің идеясы екен. Қарағандының бұл қаласында спортшының достары көп болғандықтан, олар «алтын» мүсін жасау идеясын ұсынған.

«Мен қалай да бұл жұмысты аяғына дейін жеткіземін. Өдемі мүсін жасап, оған граниттен тұғыр қойып, жан-жағын абаттандырғым келеді. Мүсінді жасауға көп уақыт кетпейді. Бір ай ішінде аяқтай

аламын. Бастысы, барлығын келісіп алу керек, яғни қоятын орнын, құжаттарын келісу және т.б. жұмыстарды реттеу керек», – дейді мүсінші Гамал Сагиденов.

Қазір екібастұздық мүсінші мүсіннің макетін жасап жатыр. Өзірге ол «боксшының басын» ермексазбен ғана дайындап қойды. Мүсіннің өзі адам бойынан бір жарым есе биік болады және алтын түсті бояумен боялады. Сондай-ақ спортшының жанкүйерлері тапсырыстың ақшасын төлеуге қаражат жинап жатыр ■

## Қоғам

## МЕКТЕП ЖӨНДЕУГЕ ҚОСЫМША ҚАРЖЫ



Қарағанды қаласында мектеп ғимараттарын жөндеуге қосымша қаржы бөлінді. Ағымдағы жылы бюджеттен 0,5 млрд теңгеге жуық қаржы үнемделген болатын. Қоғамдық кеңес мүшелері ақылдаса келе, бұл қаражатты қаладағы мектептерді жөндеу жұмыстарына жұмсауға келісті.

Қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Тимур Сайфуллиннің айтуынша, тұрақты комиссия мүшелері мектептерді аралап,

күрделі жөндеу жұмыстарын қажет ететін мектептердің тізімін жасаған. Бұл тізімге №58 орта мектеп те кіріп отыр. Ағымдағы жылы аталмыш білім ордасының шатыры жөнделген болатын. Оған 2 млн теңге көлемінде қаржы жұмсалған. Алдағы уақытта мектептің терезелері ауыстырылады деп күтілуде. Сондай-ақ басқа да мектептерді қалпына келтіру үшін қазынадан 23 млн теңге жұмсалмақ ■

## Мәссаған!

## АШУДАН ОТ ШЫҒАДЫ



Заман қатыгез бе, әлде адам ба? Айуан екеш айуанның өзі төлі үшін отқа түсіп, жауына қарсы шабады. Ал саналы адамның ұрпағы болса, бауыр еті баласын тірідей отқа орайды, қоқысқа тастайды. Күні кеше облысымыздағы Приозерск қаласында оқыс оқиға тіркелді. Салдарынан бірнеше адам көз жұмды.

Оқыс оқиға қыркүйек айының 11-інен 12-сіне қараған түні орын алған. Әйеліне ашуланған күйеуі 8 жастағы туған ұлының үстіне жанармай құйып, тірідей өртеп жібереді. Төртінші қабатта тұтанған өрттің түтіні көрші

пәтерлерге тарайды. Соның салдарынан жоғарғы қабатта тұратын көрші әйел қызымен бірге тұншығып көз жұмған. Тағы бір әйел жансақтау бөліміне түскен. Ал осыншама адамның өміріне балта шапқан қылмыскер өрттен қашып құтылу мақсатында төртінші қабаттан секіріп кетеді. Бірақ ойлағаны болмады. Денесінің 90 пайызы күйікке шалынып, аурухана төсегінде жан тапсырды.

Отбасы жанжалының неден туындағаны өзірге беймәлім. Қазір аталмыш факт бойынша қылмыстық іс қозғалып, соталды тергеу амалдары жүргізілуде ■

## Мәселе

## «КӘРІЗ ІСІНДЕ» КІНӘЛІ КІМ?



Теміртау қаласында көріз құдығына құлап мерт болған баланың ісі жабылды. Тергеу барысында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ мен қалалық әкімдіктің кінәсі дәлелденбеді. Бұл жайт қоғам белсенділерінің наразылығын туғызып отыр.

Ағымдағы жылдың көктем мезгілінде жеті жастағы бала ашық қалған көріз құдығына құлап, суға ағып кеткен болатын. Құтқарушылар баланың мәйітін бірнеше күннен соң барып тапты. Мұндай оқиға қалада бұған дейін де орын алған еді. Бұрынырақта дәл осындай бірнеше факт тіркеліп, соның бірінде бес жастағы бала ажал құшқан болатын. Алайда тергеу жүргізген құзырлы органдар бұл жерде қалалық әкімдіктің, ТКШ бөлімінің және зауыт басшылығының кінәсі жоқ деген қорытынды шығарып отыр. Ал қоғам белсенділерінің ойы

басқаша.

«Тергеу барысында бәрі сүттен ақ, судан таза болып шықты. Қылмыстық сипаты болмағандықтан, іс жабылды. Ал бұл оқиға шенеуніктердің салғырттығынан орын алған жалғыз қайғылы жағдай емес. Бұған дейін де осыған ұқсас бірнеше оқиға тіркелген болатын. Әйтсе де осы күнге дейін теміртаулық шенеуніктердің ешбірі жазаға тартылмады. Біз тұрғындардың, оның ішінде еш жазығы жоқ сәбилердің өмірі үшін алаңдаулымыз», – дейді «Отан қорғаушылар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әбілда Әбдікәрімов.

Қазір қоғам белсенділері істі қайта қарап, жауапты тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартуды сұрап прокуратураға шағым жазған. Өзірге ол жақтан еш жауап жоқ екен ■

Бетті әзірлеген: Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ



# «КҮМБІРДІҢ» ҮНІ

(Ақын Нұржан Қуантайұлының поэзиясы хақында бір үзік сыр)

Қаламға және оның жазуына – серт!..  
68-сүре, 1-аят

Қазір ақынның рөлін сомдайтындарды жиі кездестіріп жүрмін. Көлденең біреу сұрақ қойса болды, көзін жұмып, ішкі демін кіндігінен жоғары әкеліп барып терең күрсінеді де, көзін еппен ашып... жауап береді. «Ақынның жолы ауыр» дейтіндері де бар. Одан қалса, киелі өнер ошағы – әдебиеттің ауласына кірмей жатып шаршап-шалдығатындары қызық... «Әдебиетте нем бар еді?» дейді. «Осы өнердің ауылынан атымды алыс байласам, өмірім тыныш болар еді» дейді тағы. Бұған дейін сүйегі шірімеген төл өнердің сен кеткеннен ортайып қалатыны шамалы ғой... Шаршасаң, бар да демал. Құдай куә, ешкім жоқтамайды...

Ақын атаулыға анықтама өте жиі беріледі. Меніңше, ол бір аса қасиетті тұлға емес. Жаратқаннан бір дарыны артық түскені анық. Ол дарын да өркімге әр салмақта беріледі-ау. Әйтпесе баяғыда-ақ керемет болып кетер едік қой бәріміз. Меніңше, ол қарапайым келуі керек. Айналасын аңызбен қоршап, жүзіктің тасындай мінсіз тұлға жасаудың қажеті жоқ. Барды бар деп қабылдау керек. Өлең сол ақынның мінезіне де байланысты. Егер ол рухты болса, жырынан таяқ жеп шығасың, қиялилау болса...

Классиктер шөлдеуіне мұрша бермейді, тегі. Айналып қайта-қайта оқи бересің. Бірақ жаңалық іздегің келеді. Сол кезде жан-жағыңды оқи бастайсың. Талғамға талас жоқ. Біздің талғам тәрбиеден бе, басқадан ба, қыңыр қарияның мінезі сияқты. Дөп түсе қалуы қиын. Менсінбегеннен емес, жаныңа келмейді. Бірде досым Айдын Байыс деген ақын: «Аян, сен Нұржан Қуантайұлының өлеңдерін оқып көрдің бе?» – деп еді. «Жоқ», – деп кесіп айттым. Қыпылдаудың қажеті жоқ. Бұрын-соңды зат-түсін білмейтінім ақиқат еді. Менің қателігімнен, менің аз оқығанымнан ғой. «Оқы!» – деп қысқа қайырды ол да. «Мақұл», – деп келіп, кітапханадан «КҮМБІР» деген кітабын тауып алдым. Сонан бері жастығымның астында жататын өлеңдер жинағына айналды. Ендігі сөз осы ақын мен осы кітап хақында болмақ.

Бисмиллах-рахман-ир-рахим. Өзіңе тура бастағайсың.

Егер әдебиетте толқын бар болатын болса, Нұржан Қуантайұлы бізге аға буын болып келеді. Кезінде шығармашылық кешінің басы-қасында жүру бұйырған еді. Сонда алғаш көрдім. Кейінгі кездері прозаға да ден қойған екен. Сонда білдім. Ол қаншалықты оң қадам? Оны уақыт көрсетеді.

Біз өлеңдері туралы сөз қозғаймыз. Нұржан ағамыз, шыны керек, сөл аңқылдақ адам екен. Кеуде соғу дегеннің қарасы да көрінбейді.

Анау-мынау дүниелермен жұмысы жоқ адам. Қазақтың дәл өзіндей қарапайым. Ақынмын деп арқасын кеңге жаймайды. Өлеңдері де солай келе ме дедім.

«Ақын мен шаһар» деген өлеңінен үзінді ұсынсақ: Жан-қаланың шаршатып тіршілігі, Жүйкесінің үзіліп бір шығыры, Ақын отыр кафеде, Өңі сынық, Демі шығып аузында тұршылығы, – депті бірінші шумағында.

Ақын – періште емес. Оны анық мойындауымыз керек. Сондықтан ақ мамық, кіршіксіз сұлбаның артына жасырыну жасандылыққа әкеліп ұрындырады ғой. «Шылым шеккенін неге жазады» деген ой келуі мүмкін. Дұрыс. Жазсын. Өлең әлдекімді тәрбиелеу үшін жазылмайды ғой.

Шамасы, 2-курс студентімін сол уақытта. Біздің университетке әдебиеттегі сирек академиктердің бірі Сейіт Қасқабасов келді. Тырмысып-талпынып жүріп алдыңғы қатарға отырып алдым. Ұзақ отырып көсілді деуге келмейді. Айналдырған жиырма минуттың ішінде қазақ әдебиетінің қаңқасын бір орап шықты. Санамда әлі күнге жаңғырып тұрған мына пікірін айтқаным орынды сияқты. «Ақын не болмаса жазушы – тәрбие құралы емес. Өлең не проза – ақынның өзі. Көргені, білгені, сезгені. Басқа түк те емес», – деді. Нұржан Қуантайұлы да сезінгенін жазады. Тура осы өлеңнің төртінші шумағына тоқталатын болсақ:

Дала менен қаланың ара-жігі – Аттаппайды моральдың ала жібі. Қытайлардың кептірген кеспесіндей

Нәр татқысыз болады-ау қала жыры, – депті.

Мезі қылған қала мен дала тақырыбы деп айналып өте беруге болатын еді. Бірақ бізді кідірткен бір тармақ бар. Дегенімізді нақтылау үшін үшінші-төртінші тармақты жеке алып көрсек.

Қытайлардың кептірген кеспесіндей

Нәр татқысыз болады-ау қала жыры.

Бұл теңеуді біз Абай, Мағжаннан таба аламыз ба? Әрине, жоқ. Нұржан Қуантайұлы бұл ақындардан асып түсті деген сөз емес. Бірақ бір деректі айтсақ. Қытайлықтардың шынымен татып аларға нәрі жоқ кеспелері біздің жаққа әрі кетсе тоқсаныншы жылдардың басында жетті. Оның Абай, Мағжан жырларынан төбе көрсетуі мүмкін емес, әрине. Демек, бұл – ақынның өз заманының айнасы бола білуі. Қиыннан қиыстырып «шабытым тұлпар болып шаба алмай жүр», «қаламым қаңтарылып қалды» деп жазуына да болушы еді. Бірақ Нұржан Қуантайұлы өзіне қажетті теңеуді өмірден ала салды.

Шынайылық деген – осы, тегі.

Осы деммен ақынның келесі өлеңіне де көз жүгіртіп өтсек: Базары болды ажары мына қаланың, Мазағы болды азабы құба даланың. Қаламның көркін қашырған қатал заманды Кінәлап тұрдың, қарағым...

Әбігер жұртым, әйтеуір, тағы отықты-ау,

Шулаған базар, кесілген тоғай, кетік тау.

Баянды болмай базына сөздер баяғы...

...Баяғы қала, базарың тарқап кетіпті-ау... – дейді ақын «Баяғы қала» өлеңінде.

Тамырынды басып, саябырлау дегенді ұмытқан қала. Күйкі тірліктен шаршап үйіңе қайтып келе жатқанда автобус терезесінен үңіліп, осы өлеңді еріксіз күбірлеп оқисың. Дөп басқан ой. Жалпы, мұны тарқатып жазса, төп-төуір публицистикалық дүние шығар еді. Бірақ екі ауыз сөзбен тамаша өлең қылғаны шеберлік шығар.

...Бұзылып күні, Білінді үскірік алдан, Борасын жаяу жүгірді, ұшқыны – қардан. Кешегі белді жылқының ұстыны қалған: Дәмелі көптің жылқыдан мініп кеткені – Ау жетпес шабан, Алдаған түс қылып арман («Тебінде»).

Көбік қар басып, Көк аспан ашылып тұрды. Қансонар түсіп, саяттың басын ұқтырды... Ұмсынып көңіл, Ұмтылдық ұмар да жұмар Көзбенен, піркін, көруге асығып қырды («Қансонарда»).

Деміл-деміл ескен жел, есер ойды құтқарма, Демімді орап қара түн дегбірімді жұтқанда. Тартып қалған асығыс сиясындай қаламның

Ағып түсті бір жұлдыз көмейінен ғаламның («Түн. Такси»).

Ақын 80-90 жылдардың өзінде-ақ атын шығарып үлгеріпті. Ол кезде біз жарық дүниенің есігін де ашпаған едік. Бұл туралы ақын Бекжан Өшірбаевтың мақаласынан оқып білдім. Білдім де, ептеп қайран қалдым. Содан бергі бір мүшәйрада қазы болып, бір мінбеден көсемсіп сөйлегенін естімешпін. Анау-мынау дүниелермен жұмысы жоқ екенін жоғарыда айттық. Дегенмен айтпасқа болмайтын тағы бір дерек бар. Жоғарыда ақынның шығармашылық кешін өткізуде басы-қасында жүрдім деп едім. Сол



кеш таяғанда ақын туралы деректі ғаламтор беттерінен іздеп көрген едім. Нобайсыз байлаған бауына сүрініп жүрген бауырларымыздың өлеңдері қаптап тұрған портал беттерінде Нұржан ақын... жоқ болып шықты...

Нұржан Қуантайұлы – ұлттың ақыны. Ұлттық ақын дегенді түсіндіру үшін айналып Абайға соғамыз тағы. «Көзімнің қарасындағы»:

Жылайын, жырлайын, Ағызып көз майын, – деп келетін жерін өзге тілге аударып көріңізші. Мүмкін емес. Көз майын ағызу – тек қазақ ұғымына сай қолданыс. Тіл құдіретінің ұшқыны Нұржан Қуантайұлы поэзиясында да кездесіп отырады. Ақынның «Күзеуде» деген өлеңіндегі: Қараша болды. Ауаша қонды қойшы ауыл, Қаласа – көмді, қамауда сақтап ой сабыр.

Қарасаң енді қараша үйге қой баққан, Күзеуді жүдеу есіңе алшы ойда бір, – деп келетін тұсын бағамдайықшы. Қазақ поэзиясына ғана төн лиризм бар емес пе? «Қой баққан қараша үй», «жүдеген күзеу»... Бұл теңеулер – тек ұлттық колоритте ғана түсінуге болатын қолданыстар. Ағылшын оқырманы оқып, бұған бас шайқап кетуі екіталай. Бұл – бір тың бастама да емес. Бірақ қара өлеңнің қаймағын бұзбау үшін қажетті-ақ дүние.

P.S. Ақынға ең керегі – шынайылық. Сонымен қатар ақынның қаһарман болуы – шарт. Жазарынан сескенбеуі керек. Қарапайым болуы да абзал. Бұл – әлбетте, субъективті түсінік. Биіктікке қанша ұмтылсақ та, табан жерде қалуы керек қой. Аталған критерийлердің барлығын Нұржан Қуантайұлы поэзиясынан көре білдік. Иә, дәл қазір Нұрекенді классиктермен терезесі тең, мүйізі қарағайдай ақын деу асылық болады. Онысын ағекем өзі де білетін шығар. Ал егер сіз шынайылыққа шөлдеп, жасандылығы жоқ өлең іздесеңіз, Нұржан ақынды оқуға кеңес береміз... Кейінгі кездері прозаға ауысып кетті деп естігенбіз. Бірақ бұл ақын әлі талай жырдың маржанын тудыратынына сеніміміз мол ■

Аян МЕЙРАШ



Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ [nurlyhan93@mail.ru](mailto:nurlyhan93@mail.ru)

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТТАН АҚША ҚҰТҚАРА МА?

Өндіріс көлемінің көп болуы ел экономикасы мен халық тұрмысы үшін қолайлы. Әйтсе де оның зиянды жақтары да бар. Мәселен, қазба байлықтарымызды игеріп жатқан алпауыт компаниялар бірінші орынға табыс табуды қояды. Ал қоршаған ортаның хал-ахуалына бас ауыртып жатпайды. Соның салдарынан аймақ экологиясында күрделі мәселелер туындауда.

Қоршаған ортаға зиян тигізіп жүргендердің бірі – «Қазақмыс» корпорациясы. Корпорация 2014-2015 жылдар аралығында Сары құм кен орнында әктас өндіріп, қайта ұсату барысында экологиялық заңнаманы бұзған. Салдарынан ауаға зиянды қалдықтар тарап, қоршаған ортаға 80 млн теңге шығын келтірген. Бұл олқылық ашылған соң, кәсіпорын басшылығы үкімет пайдасына айыппұл төлеуге мәжбүр болды. Табиғатқа келтірген зияны үшін олар ел қазынасына 110 млн теңгедей айыппұл төледі.

«Тексеріс барысында компанияның 17 млн теңге салық төлемегені де анықталды. Сонымен қатар оларға 12 млн теңге өкімшілік айыппұл салынды. Бұл қаржы құзырлы органның араласуымен мемлекет қазынасына қайтарылды», – дейді Қарағанды облысы прокуратурасының табиғатты қорғау прокуроры Бауыржан Хамитов ■

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ [nurlyhan93@mail.ru](mailto:nurlyhan93@mail.ru)

# ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАСА, ЖОЛАУШЫ ҚАЙТПЕК?

**Қарағандыда қалалық жолақы құны қымбаттауы мүмкін. Жолаушы тасымалымен айналысатын автопарк басшылығы жергілікті билік өкілдерінен жолақы құнын қымбаттатуды сұрап отыр. Айтуларынша, табыс көлемі кеткен шығынды толық өтеуге қауқарсыз.**

Осыдан үш жыл бұрын қарағандылық автобустардың жолақы құны бірден 80 теңгеге өскен болатын. Әлеуметтің қалтасына ауыр салмақ болған бұл бағаға қалың жұртшылық қарсы шықты. Тіпті, сотқа да берді. Бірақ шыққан нәтиже жоқ. Баға сол қалпында сақталып қалды. Сексен теңгеге

халықтың көз, құлағы үйренген тұста оны тағы да өсіру мәселесі көтеріліп отыр. Өйткені нарықта қымбатшылық орын алған. Жанармай бағасы, қосалқы бөлшектер құны шарықтап кеткен.

Қарағандыда жолақы құнын қымбаттату мәселесі алғаш көтерілген тұста ұсақ фирмалар халық жағына шығып, №3 автопарктің бастамасына қарсы болған еді. Бұл жолы олар да қымбатшылықтың орын алуын қалайтындықтарын жеткізіп отыр. Себебі түсімдері азайған. Жергілікті өкімдік тарапынан бөлінетін субсидияларды алмағандарына да біраз болыпты. Қазынада оған қажетті қаржы қарастырылмаған екен. Ал шенеуніктер болса, баға өсіруді орынсыз деп танып отыр. Айтуларынша, қазіргі жолақы құны автопарктердің шығынын толық өтеп, кіріс көлемін арттыруларына толық қауқарлы ■





# ҚҰРБАН АЙТТАҒЫ АЙҚАЙ-ШУ



Заман өзгерді ме, әлде адам өзгерді ме? Құдайға арнап құрбандық шалып, Жаратқаннан мейірім, бақ-береке тілейтін қасиетті күні Теміртау қалалық мешітінен шу шықты. Таңертең айт намазына келіп сап түзеп, намаздан соң мешіт жанына құрбандық шалуға жиналған қалың жамағат пен мешіт имамдары сөзге келісіп қалды. Қос тарап өкілдері де өз сөздерінің дұрыстығын дәлелдеп, жеңілмеуге тырысып бағуда. Бұл келеңсіздікті куәгерлер бейнежазбаға түсіріп алып, әлеуметтік желілер арқылы қоғамның талқысына салды. Соңғы уақытта онсыз да күйе көп жағылып, жаланың астында қалған асыл дінімізге тағы бір соққы жасалды. Мешіт имамдарына «бизнесмен» деген айып тағылды. Бұл қаншалықты рас?

Әдетте мешіт төңірегіндегі дау-дамай туралы айтылған кезде, жұрттың есіне адасқан ағымның жетегіне ергендер мен ҚМДБ бекіткен қаулы бойынша жұмыс істейтін имамдар арасындағы келеңсіздіктер түседі. «Теміртау қалалық мешітінде шу болып жатыр» дегенді естігенде біз де әуелде солай ойлаған едік. Бірақ мәселенің төркіні басқада екен. Бұл жердегі дау дін ақидасы турасында емес, құрбандыққа шалынатын малды сойғаннан түсетін ақшаның төңірегінде болып шықты.

«Ислам – әлемдегі ең көркем, ең асыл дін» дейміз. Бірақ ұстанған амалымыз соған сай келе ме? Діннің басты талабы сабыр сақтау, дүниеге қызықпау болса керек. Ал желіге жарияланған бейнежазбадан ондай нәрселерді байқамайсыз. Қайта ақша үшін арбасып, бірін-бірі балағаттаған, жағадан алмаса да, «әрі тұр, бері тұр» деп жұлмаласқан өз қазағыңды көресің. Ұят. Масқарашылықтың ең сорақысы осында болса керек.

Жылдағы дәстүр бойынша, мешіт ауласына мал соятын арнайы орын өзірленген. Әрине, ақылы негізде. Малды өздері бауыздап, соя алмайтындар үшін қасапшылар да белгіленген. Куәгерлердің айтуынша, жұрт құрбан шалу үшін кезекке тұрып, мешіттің жауапты қызметкеріне ақша төлеп, талон алады. Құны – 2500 тг. Оның 1000 теңгесі

қасапшының еңбегіне, 500 теңгесі мешіт пайдасына және 1000 теңгесі бата жасаған имамның қалтасына кетеді-міс. Бұл – куәгердің (аты-жөнін атамауды сұрап отыр. – Ред.) айтқаны. Былай қарасаңыз, күйіп бара жатқан ештеңе жоқ. Бекітілген тәртіп, талап бар. Шу шығарып ойбалайтын емес, қайта қуанатын жайт. Себебі еліміздің басқа қалаларында Құрбан айттан бизнес жасаған пысықайлар мал соятын орын мен қасапшы қызметі үшін 5000 теңгеден кем сұрап жатқан жоқ. Бұл қаншалықты дұрыс, анығын Алла біледі. Ал дәл Теміртаудың жағдайында шу шығарарлық негіз жоқ. Әйтсе де сайтан азғырмай тұра ма? «Халық» наразылық танытыпты. Өйткені мал бауыздап ақша табамын деп пышағын жалаңдатып келген бір топ қасапшыны мал сою алаңына жібермеген. Қасапшылар қасарысуын қоймаған соң, полиция шақырып, қуып жіберген.

«Мешітті бизнеске айналдырып алды бұлар», – дейді ашынған қасапшы. Расымен де солай ма? Мешіт бизнес орталығына айналып кетті ме? Мәселенің анық-қанығын білмек болып аталмыш мешіттің наиб-имамы Жұмабай Фазылмен тілдескен едік. Ол кісінің айтқаны алдыңғы естігенімізге мүлде кереғар болып шықты.

«Өздеріңіз де білесіздер, биыл

түрлі мал ауруы дендеп тұр. Әрі шарифат заңы бойынша, құрбандыққа шалынатын малды бауыздайтын адам бойында дәреті бар, дін жолындағы азамат болуы керек. Сондықтан Құрбан айтқа дейін қасапшы отыз шақты жігітті іріктеп алып, арнайы оқытып, сертификат табыстаған болатынбыз. Құрбан айтта қасапшылыққа соларды жібердік. Тағы бір айта кетерлігі – қасапшыларды алдын ала дайындап алудағы мақсатымыз жұрттың қалтасын қағатын пысықайлардың жолын кесу еді. Өткен жылы осы жерде кейбір жігіт мал сою үшін 5000 теңге сұрады. Сойылған малдың басын үйітіп беру үшін 2000-2500 теңге сұраған азаматтарды да көзіміз көрді. Сондықтан мұндай сорақылыққа жол бермес үшін биыл осындай тәртіп енгіздік. Қасапшының еңбегіне 2000 теңге, сою алаңы үшін 500 теңге сұраттық. Болды. Ешкім артық ақша шығарған жоқ, халықтың қаражатын ешкім жеп кеткен жоқ. Қасапшының адал еңбегі өздеріне берілді, ал сою алаңына жиналған қаражат мешіт қажетіне жұмсалады. Бұл әрекетіміз жамағаттың көңілінен шықты. Жұрт кезекке тұрып, ақшасын төлеп, малын сойғызып кетіп жатыр. Бұл жерде шу шығарып, бізді жазғырып жүргендер – қасапшылар қатарына ілінбей қалған қала

азаматтары. Неге десеңіз, олар жыл сайын осында келіп пайда тауып кетуді әдетке айналдырып алған еді. Биыл біз оларды жібермедік. Себебі қасапшымын деп келген адамның дәреті бар ма? Ауру-сырқауы жоқ па? Санитарлық талапқа сай келе ме? Ол жағын білмейміз ғой. Сондықтан осындай қадамға бардық. Өкінішке қарай, олар мұны түсінбей дау-дамай шығарып, біздің атымызға кір келтіріп отыр», – дейді Жұмабай Фазыл.

Ал енді өзіңіз бағамдай беріңіз. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Бұл оқиға – биылғы Құрбан айт төңірегінде өршіген жалғыз дау емес. Атам заманнан бері малды көлік, киім, тамақ етіп тұтынып келсек те, дәл осы жылы «құрбандыққа қой сою – обал» дейтін азаматтар да қара көрсетті. Бұлардікі қай сасқандық? Жан-жануарға расымен жаны ашығандық па, әлде діннің қадірін білмегендік пе? Қалай десек те, бұлай айтқан жандардың кей сөзінің жаны бар екенін де аңғаруға болады. Ол – құрбандықты лас әрі тар жерде жаппай бауыздап, қанын суша ағызып сою. Бұлай ету – қазақшылыққа да мұсылманшылыққа да жат нәрсе. Сондықтан мешіт имамдары бақылау орнатып, қадағалап отырғаны абзал. Әйтсе де кейбір бауырымыз бұған да қарсы шығып отырған жоқ па?...■





# СЕРІК АКСҰНҚАРУҰЛЫ СҰҢҒЫЛА

Мен комсомолдық билетті Қошановтың қолынан алып едім. Ол кезде бұл кісі – Ақтоғай аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. Өлеңдерім аудандық «Қызыл ту», облыстық «Социалистік Қарағанды» (кейіннен «Орталық Қазақстан»), ара-тұра республикалық «Лениншіл жас» газеттерінде жариялана бастаған. Қызыларайдың нөмірі екінші орта мектебінде 7-8 сыныпта оқып жүрген кезім-ау деймін. Мұртым енді тебіндеген шақ.

Қошанов бюрода:

– Твардовскийді оқыдың ба? – деп сұрады.

– Оқыдым, – дедім.

Бұл ақынның аты-жөні онда Совет Одағына, шетелдерге де мәшһүр еді ғой. «Бір қиырдан – бір қиыр» атты поэмасы Ленин атындағы сыйлықты алып, дүниені дүбірлетіп тұрған уақыт. Қазақшаға да тәржімаланған.

– Қандай ақын? – деді.

– Жақсы... – дей салдым.

Қазақшасын шолып шыққам, ұнамаған. Аудармасы нашарлау болса керек.

– Евтушенко мен Вознесенскийді оқыдың ба? – деді ол.

– Жоқ... – дедім мен күмілжіп.

Ол кезде Евтушенко да, Вознесенский де қазақшаға мүлде тәржімаланбаған-ды. «Комсомолға өте алмай қалам-ау осы?!» деп уайымдай бастадым...

– Қайтсең де, тауып алып оқы! – деді хатшы.

– Әлем әдебиетімен сусындамай, ақын бола алмайсың!

Орысша білмейтін мені аяп кетті-ау деймін, жұмсарып сала берді. Кейін, етек-жеңімді жинаған соң, Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенскиймен де емен-жарқын сырласатын күнге жеттім. Хрущевтің «жылымығынан» кейін орыс поэзиясына төңкеріс жасаған осы арқалы ақындарды совет өкіметі аса жақтыра қоймаған екен. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы соның бәрін біле тұра, менің бетімді басқа бір арнаға бұрып, тақпақ пен поэзияның ара-жігін ажыратып ал деген екен ғой. Сұңғыла екен ғой сол ағам!

Менің шығармашылық ізденістерім сол күннен бастап 180 градусқа өзгере бастады. Ойланып қалдым. Іздену керек екенін аңғардым. Кітаптан кітап ақтаруға көштім. Алдымнан Пушкин мен Рембо, Хикмет пен Неруда, Файз Ахмад Файз бен Муин Биссулер шыға келді! Аң-таң қалдым...

Сол өткен ғасырдың 60 жылдары Кремльде совет әдебиеті мен өнерінің ең таңдаулы өкілдері бас қосады. Төрде – Н.С.Хрущев бастаған Политбюро, төменде – творчество адамдары.

Хрущев Вознесенскийді мінбеге шақырып алып

біраз сілкілейді.

Осы жиыннан соң совет әдебиеті ақсақалдарының бірі һәм бірегейі Илья Эренбург жас ақынның рухының мықтылығына аң-таң қалып: «Мына сұмдыққа қалай шыдадың, бауырым?! Сенің орнында кім тұрса да, жүрек талмасына ұшырар ма еді, қайтер еді?! Сол жерде қасқайып тұрмай-ақ, «аяушылық ет» деп аяғына жығыла кетсең де, біз сені кешірер едік қой!» – деген екен.

...Осы кезеңде бір журналист ұлынан жарты жылдай хабар-ошар ала алмай жүрген ақынның шешесіне телефон соғады:

– Сіздің балаңыз өзін-өзі өлтірді дейді ел. Рас па?!

Ақынның анасы телефон-мелефонымен жерге құлап түседі!

Вознесенскийдің трибунада абдырап, Хрущевтің оған жұдырығын түйе қарап тұрған суреттері ақынның қайта құру кезеңінде шыққан «Аксиома самоиска» атты (Мәскеу, СП «ИКПА») кітабында жарық көрді. Не деген ұқыпты, зерделі халық еді орыс жұрты! Қазақстан Жазушылар одағының пленумында Желтоқсан оқиғасының тігісін жатқызуға келген Колбиннің көзін шұқып сөйлейтін біздің Жұбан Молдағалиевтің сол тарихи сәттегі кескін-келбеті сақталған ба? Қайдағы... Вознесенский мен Хрущевтің арасындағы текетірес тоталитарлық жүйенің тасы өрге домалап тұрған тұста өткен. Жұбан мен Колбиннің жекпе-жегі – демократия дейтін шарана дүниеге келген қайта құрудың кезіндегі жағдай. Екеуінің арасы жер мен көктей. Тап бір орыс пен қазақтың арасындай алшақ! Сурет демекші, Алатаудың биігінен асып, Алаштың ақиығы атанған Мұқағали Мақатаевтың айбарлы үні эфирімізден естіле ме? Асқақ бейнесі теледидарыңыз бен киномыздан көріне ме? Қазақ радиосының алтын қорында сақталған бір поэмасынан басқа не қалды екен? Оның өзі «Большевиктер» поэмасы көрінеді...

Вознесенский 77 жыл жасап, фәниден бақиға кетті. Евтушенко әлі тірі, Америкада тұрады. 80-нің сеңгіріне тұяқ іліктірсе де, творчестволық бабында.

Қазақ шәйірлері қартайса, тақпақшылдап кетеді... Оларды орыс халқы «Прорабы духа!», «Подвижники наций!» деп құрмет тұтады! «Великая Русская Литература – Великая Отечественная Война!» – деп жазды Вознесенский! Оның аузына Төңірі осындай сөз салған!

Жас күнімде сол ақынның есімін есіме салып, ертеңіме темірқазықтай жол нұсқаған Жақаңның мамандығы орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі екенін кейіндеу естідім. Совет чиновниктері сол кездегі классикалық әдебиет пен өнерді, музыканы бір кісідей терең білетін еді ■



XV ғасырдың ғұлама ғалымы, шипагер Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» атты кітабында «қырық бір ырыс» жайлы жаза кеткен. Бұл туралы естімеген болсаңыз, біле жүріңіз.

1 Жаратылым – жан ырысы

2 Тіршілік – хан иесі

3 Хан – тақ иесі

4 Тақ – әділдік ырысы

5 Әділдік – нақ ырысы

6 Байлық – сән ырысы

7 Сән – сәулет ырысы

8 Сәулет – дәулет ырысы

9 Сыйласым – татулық ырысы

10 Тұлпар – батыр ырысы

11 Ынтымақ – бірлік ырысы

12 Қайтпас ер – найза ырысы

13 Ерлік білегі – елдің ырысы

14 Су молдығы – көлдің ырысы

15 Еңбек – дән ырысы

16 Жарасым – береке-бірлік ырысы

17 Өнер – білім ырысы

18 Білім – өнер ырысы

19 Қос босаға – түтін ырысы

20 Әділ би – бүтін ырысы

21 Шілдехана – төр ырысы

22 Көбін – көр ырысы

23 Жаңбыр – жер ырысы

24 Ірге – ай ырысы

25 Жақсы сөз – жан ырысы

26 Шежіре бәйіт – сөз ырысы

27 Ақыл – көздің ырысы

28 Инабат – ізеттілік ырысы

29 Жақсы садақ – жасақ ырысы

30 Қалқан – арашашы ырысы

31 Шөп – мал ырысы

32 От – ел ырысы

33 Су – мал-жан ырысы

34 Ажал – жан алу ырысы

35 Жас – бақыт ырысы

36 Қан – құт ырысы

37 Сыйластық – сенімнің ырысы

38 Шыдамдылық – төзімнің ырысы

39 Тайсалмау – талаптың ырысы

40 Науқас – сырқаттың ырысы

41 Шипагерлік емдеу – айығудың ырысы ■



Заң

# ҮЙСІЗДІҢ ҮМІТІ АҚТАЛАМА МА?



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қоластындағыларға жаңа бағдарлама дайындауға жарлық берді. Бұл бағдарламаның ерекшелігі сол – баспанасыз жүрген жандарды үймен қамтып, жыр болған 10 сотық жер мәселесін шешіп беруге қауқарлы болады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы баспана салу үшін 10 сотық жерді тегін алуға құқылы. Бұл үшін кезекке тұрса болғаны. Сонау 2006 жылы шыққан заңда солай жазылған. Он сотық жер туралы заңның шыққанына он жыл болса да, оның кем-кетігі әлі де жеткілікті. Жер ала алмай сарсаңға түскендер саны алғандардан әлдеқайда көп. Енді бұл мәселеге үкімет тікелей өзі араласпақ. Әйтпесе жер көлемі жөнінен әлемде 9-орында тұрған әрі халқының саны аз Қазақ елі үшін баспанасыз жұрттың көп болуы – ақылға сыйымсыз дүние. Әкім-қараларды Астанаға жинаған Елбасы оларға бірқатар тапсырма жүктеді. Соның бірі – біз айтып отырған баспана мәселесі. Президент үйсіз жүрген миллиондаған адамды пәтермен қамтудың жаңа жолын ұсынды.

«Үкімет «Нұрлы жер» бағдарламасын дайындасын. Қазіргі ипотека, Тұрғынүйқұрылысжинақ банкі осы бағдарламаға бірігеді. Бірақ ешкімге тегін үй таратылмайды. Тек жұмыс істейтін, тұрақты жалақысы бар, ай сайын банкке несие төлеуге шамасы жететіндерге баспана беріледі», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Үкімет бұдан былай тұрғын үй құрылысына деп жыл сайын қазынадан қыруар қаржы бөлуді тоқтатады. Шенеуніктер тұрғындарға баспана салу үшін бизнесмендерді, яғни жеке құрылыс компанияларын тарту керек. Ал үй саламын дегендер «Нұрлы жер» бағдарламасының көмегіне жүгініп, қажетті жерді иемдене алады. Ол үшін әкімдер қала, ауыл маңындағы бос жатқан жерді иелерінен жаппай сатып алып, инфрақұрылымын ретке келтіруі тиіс. Сондай-ақ ипотеканың пайыздық ставкасы да төмендетіледі. Бұл туралы ҚР Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев мәлімдеді: «Қазір ипотеканың пайыздық ставкасы өте жоғары. Біз қайта есептеуіміз керек. Алдағы уақытта ипотекалық несиені кем дегенде 2 есеге төмендетеміз деген үміт бар. Ол үшін арнайы субсидия бөлінеді» ■

Масқара

# ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА – 20 МИЛЛИОН



Ақтөбелік «лаңкестер» Ішкі істер департаментін сотқа берді. Маусымдағы қанды қырғын кезінде полицейлер ағайынды Қожаниязовтарды содырлардың санатына қосып қойған екен. Бірі іздеуде жүрген лаңкестер тізімінен табылса, екіншісі өлген радикалдар қатарынан бір-ақ шыққан. Айыпты болмаса да лаңкес атанған екі жігіт бүгінде ағайын алдында ақталып әлек.

Жағабұлақ ауылының тұрғыны Самат Қожаниязовтың жат ағымның жетегінде кеткендерге қатысы жоқ екенін айтудан жағы талатын болды. Өйткені лаңкестер тізіміне кездейсоқ іліккелі бері, жұрттың бөрі осыны сұраумен жүр. Жігіттердің өздері де маусым айында лаңкестердің тізімінен суретін көріп шошыған. Әрі інісі Санат өлген радикалдардың қатарында аталған. Осыдан кейін айналадағы жұрт бұларға үрке қарап, араласудан қашқақтай бастайды. Ал өздерінің кінәлі еместігін айғақтай алмай арпалысқа түскен екеуі 20 миллион теңге моральдық шығын өндіруді талап етуде. Әуелі жалған тізім жасап, елді алдаған құқық қорғау органдары 10 млн теңге төлесін десе, сол тізімді жарыққа шығарғаны үшін жергілікті газет редакциясы да 10 млн теңге өтемақы төлеп берсін дейді ■

Апат

# ЖОЛ ҚҰРБАНЫ – 34 МЫҢ АДАМ



Бас прокурордың орынбасары Андрей Кравченко он жылдың ішінде жол-көлік апаттарынан қазаға ұшыраған қазақстандықтардың жалпы санын жария етті. Келтірілген дерекке сенер болсақ, соңғы он жылда қаза болғандардың саны бір қаланың халқына тең.

«Бізде жол саласындағы жағдай өте күрделі болып тұр. Жолда көп жағдайда ер адамдар қаза болып жатады. Әйелдермен салыстырғанда ол көрсеткіш 2,5 есеге артық. Мысал ретінде статистиканы келтірейін, он жылдың ішінде жол-көлік апаттары салдарынан 34 мың адам о дүниелік болып кетті. Қаза болған адамдардың саны Шахтинск, Арал сияқты қалаларда тұратын халықтың санымен бірдей. Ол Ауған соғысы кезінде он жылдың ішінде оққа ұшқан Кеңес әскерінің санынан 3,5 есеге артық. Сондықтан бүгінде жол жүру ережелерін бұзуды барынша азайту шараларын күшейткен дұрыс», – дейді Кравченко.

Оның айтуынша, бүгінде заң жүзінде ұялы телефонға, ішімдік ішіп көлік жүргізуге тыйым салынса да, осы санаттағы құқықбұзушылықтар саны аз емес. Андрей Кравченконың ойынша, жол саласындағы жағдайды ресімделген хаттамалардың санымен көрсету дұрыс емес. Бүгінде жол қатынасы саласындағы жалпы тәртіпті сақтау жұмысына басымдық берген жөн ■

Базына

# АҚШАНЫ ОЙЛАҒАН АҚЫШЕВ



Қазақстан доллардың бұғауынан босап шығуға талпыныс жасауда. Тіпті, дүние-мүлік саудасы тек теңгемен жүргізілсін деген арнайы заң да қабылдады. Бұқара халық үкіметтің бұл талабына мойынұсынып, доллардан бас тартты. Алайда мемлекеттік мекемелер күні бүгінге дейін долларға деген тәуелділіктен арыла алмай отыр. Соның бір айғағы – көк туымызды Олимп шыңында желбіреткен спортшыларға сыйақының төл теңгемізбен емес, Америка валютасымен берілуі.

Спортшыларға сыйақының доллармен берілуі тек қарапайым халықтың ғана емес, Ұлттық Банк басшысы Данияр Ақышевтың да шамына тиген екен. Ол Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде Президентке экономиканы долларсыздандыруға қатысты ойын баян етті.

«Сөз сөйлеген кезде, мемлекеттік органдардың ақпараттарында шетел валютасын қайсыбір эквивалентінде қолдануға тыйым салу керек. Тек ұлттық валютада көрсетуге мүмкіндік болмайтын кезде немесе елдер арасындағы салыстыруларда шетел валютасын қолдану керек. Сананың дедолларизациясының бір мысалы – Олимпиададағы жүлдегерлерімізге шетелдік валютамен сыйақы беру, біз мұны теңгемен де көрсете алар едік. Теңгемен өмір сүріп, теңгемен ойлауға ұмтылу ақпараттық бағыттың бірі болуы тиіс, біз мұны Президент әкімшілігімен және Үкіметпен бірге жүзеге асыруымыз керек», – дейді Ұлттық Банк басшысы ■



# ПЕРИЗАТ ОМАРБЕКОВА:

## «БИ – ҚАНАТСЫЗ-АҚ ҰШУҒА

## МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ТЫЛСЫМ ӘЛЕМ»

«Би дегеніміз – адамның өз денесін билей білуімен қоймай, көрерменін өзі сезінген дүниеге сендіруі!» – дейді қазақ биінің ханшасы Перизат Омарбекова. Бүгін маған Шара Жиенқұлова билерінің түп-тамырын жоғалтпай, бүгінгі күнге дейін сақтап, кең көлемде насихаттап жүрген отандық бишілердің арасындағы жалғыз биші, ҚР Мәдениет қайраткері, Халықаралық «Шабыт» байқауының лауреаты, би әлеміндегі жиырма жылына қорытынды ретінде жақында «Биім менің – биік шың» атты жеке кешімен халықты тамсандырған «қазақтың Айседорасымен» сырласу бақыты бұйырды. Саф өнердің тұнығына бойлағыңыз келсе, мархабат!

– Әркімнің бір биігі болады. Сіздің шыңыңыз жайлы сөз қозғасақ...

– Би – қанатсыз-ақ ұшуға мүмкіндік беретін тылсым әлем. Осы әлемнің төрінде жүргеніме де жиырма жыл болыпты. Алты жасымда мен тағдырымды таңдап қойыппын. Арманым бидің биік шыңын бағындыру болатын, мені ол шыңға шығарған қазақ атты ұлы халық деп білемін. Жеке би кешіме соңғы бес жылдан бері қызу дайындалдым. Аллаға шүкір, бәрі көңілімдегідей болды. Бастысы, мені бала арманым

алдаған жоқ.

– Сізді Шара Жиенқұлованың өнерін жалғастырушы ретінде танимыз...

– Шара апаның көзін көрген жандар тарапынан осындай пікірлер жиі айтылады. Әрине, бұл – үлкен жауапкершілік. Себебі Шара апамыз – қазақ биінің қыр-сырын жетік білген біртуар биші. Менің репертуарымдағы «Айжанқыз» атты биде сол кісінің бейнесін жасауға тырыстым. Бұл биді кезінде өзі де билеген екен. Мен осы биді еш өзгертусіз беруге тырыстым, тіпті, Шара апаның көйлегінің «көшірмесін» жасадым.

Өткеннің отын өшірмей, жаңғыртып отыру арқылы болашаққа бір белгі қалдырамыз деп ойлаймын.

– Рас айтасыз. Өткенімізді ұмытсақ, болашаққа нық қадам баса алмайтынымыз анық. Кешіңізде «Бақсы» атты биіңіз маған өзгеше әсер етті...

– Мен кешімді «Бақсы» биінен бастауды жөн көрдім. Би кеші десе, көрерменнің көз алдына әдемі көйлек киген періштедей ару елестейтіні анық. Бірақ мен кештің шымылдығын бақсы образымен аштым. Мұның астарында зор мән-мағына бар. Кештің бағдарламасы қазақ тарихына сай жасалды. Ежелгі дәуірден бастап, бүгінгі егемендікке дейінгі аралықты биімен жеткізгім келді.

Қазақтың буын биінің отты айналып зікір салып билейтін



бақсылардың биінен бастау алғанын бірі білсе, бірі білмейді. Бұл би сонысымен ерекше.

– Әлгінде тарих кітабын бимен парақтағаныңызды айттыңыз. Тағы қандай ұлы тұлғаларды биге арқау еттіңіз?

– Модерн-балетке құрылған «Тұмар ханша» атты төл туындым және «Айша бибі» атты биім тарихпен тамырлас. Бұл екі биде де әрі қатал,

әрі қылықты әйел болмысын көрсетуге тырыстым. Әсіресе «Айша бибіде» ғашығына қосылмаған арудың тағдырына аянышты нүкте қойылады. Бірақ мен «Жұмақтағы кездесу» биін сол оқиғаның жалғасы ретінде ойластырдым. Қарахан мен Айшаның жұмақта кездескеніне, шын ғашықтар мәңгі бірге екеніне сенемін.

– Билеуге қиындық тудыратын биіңіз бар ма?

Өз  
сөзім

“

Би – қанатсыз-ақ ұшуға мүмкіндік беретін тылсым әлем. Осы әлемнің төрінде жүргеніме де жиырма жыл болыпты ■

Модерн-балетке құрылған «Тұмар ханша» атты төл туындым және «Айша бибі» атты биім тарихпен тамырлас ■

”

“

Кез келген нәрсе бірден бола салмайды. Өз ойыңдағы шыңға жету үшін талмай еңбектену, іздену керек және көп мәрте тәжірибені талап етеді. Өзімнің төл туындым – «Атамекен» биінде «Күн» атты трюк орындалады ■



– Кез келген нәрсе бірден бола салмайды. Өз ойыңдағы шыңға жету үшін талмай еңбектену, іздену керек және көп мәрте тәжірибені талап етеді. Өзімнің төл туындым – «Атамекен» биінде «Күн» атты трюк орындалады. Бұл ебін тапқан адамға оңай. Маған осы трюкті Гүлжан Талпақова апам үйреткен еді. Дегенмен осы би кейде сәл қиындық тудырады.

– **Исраил Сапарбай сізге арнаған өлеңінде:**

**Есенин есі кеткен Дункансың ба?**

**Еркімді ес жидырмай құртарсың ба?**

**Қанқызыл шарап болсаң кеседегі,**

**Қайран-ай, қалмас еді-ау бір тамшың да! – деп өнеріңізге таңданысын жасырмапты. Сіздің Айседора Дунканмен қандай жақындығыңыз бар?**

– Айседора – XIX ғасырда өмір сүрген Америка бишісі. Мен бала кезімнен өз өмірімді бимен көрерменге жеткізуді армандайтынмын. Бір қызығы, осыдан бір-екі жыл бұрын Айседора Дунканның да дәл осындай ойы болғанын білдім. Бұл мен үшін таңқаларлық оқиға болды. Менің өзге бишілерден айырмашылығым – драмаға жақынмын.

Әрбір би үнсіз сөйлеуі тиіс. Өне бойы мән-мағынаға толы болмаса, ол – кем туынды. Айседора екеуіміздің жанрымыз бір, осыны байқаған Исраил ақынның қырағылығына бас иемін.

– **Биші қандай болуы керек, сіздіңше?**

– Биші талантты, сұлу және еңбекқор болуы қажет. Майысып билегеннің бәрі биші емес. Биші биші болуы керек!

– **Өмірлік ұстанымыңыз?..**

– Адам ешкімнің ала жібін аттамай, таза жолмен, өзінің дара жолымен жүруі тиіс. «Пайдаң тимесе, зияныңды тигізбе» деп бекер айтпаған. Өз жолыңды тауып, бойыңдағы дарыныңды шәкірттеріңмен бөлісу өнерді өміршең етеді. Бұл – үлкен бақыт.

– **Шәкірт тәрбиелеп жүрсіз бе? Алдағы жоспарларыңыз бен бөліссеңіз?..**

– Шәкірттерім бар. Халықаралық, республикалық бірнеше байқаудың жеңімпазы. Кеше ғана «Нұрлы жастар» атты байқаудан Гран-При иелендік. Тобымыздың атауы «Жас қиял» болғандықтан, «Қиялдан – биік



шыңдарға» атты кешімізге дайындалудамыз.

– **Сыр-сұхбатыңызға көп рахмет! Өнердің биік шыңында кездескенше!**

**Әлия ІҢКӘРБЕК, арнайы «Арқа ақшамы» үшін**

**Маралтай Райымбекұлының Перизат Омарбековаға арнаған өлеңі**

**ПЕРИЗАТ**

Етегі ақ көйлектің келте,

көркем...

Дүрия дүр сезімді еркелеткен.  
Перінің қызы сынды, беу,  
Перизат,  
Көзің – нұр, қимылың от өртеп өткен.

Етегі ақ көйлектің дөңгеленген,  
Дүние-ай, дөңгеленген сен – бір өлең.  
Құйындай шыр айналған шіркін өмір,  
Не дейсің, не сұрайсың енді менен?

Етегі ақ көйлектің дестеленген,  
Өңірі алтын жіппен кестеленген.

Сен шыға келген сәтте сахнаға,  
Лау етіп қайта жанар өшкен өлең!

Етегі ақ көйлектің зер төгілген,  
Зерінен жүрегіме шер төгілген.  
Өмірге шақырасың қайта мені,  
Періште пәк, пәкизат келбетіңмен.

Етегі ақ көйлектің гүл дегейсің,  
Гүлден де нәзік өзің үлбегейсің...  
Бұл жалған – жарқ-жұрқ өткен дәу сахна,  
Онда да дәл осылай билегейсің!

Биші талантты, сұлу және еңбекқор болуы қажет. Майысып билегеннің бәрі биші емес. Биші биші болуы керек! ■

”

“

Әрбір би үнсіз сөйлеуі тиіс. Өне бойы мән-мағынаға толы болмаса, ол – кемтуынды. Айседора екеуіміздің жанрымыз бір, осыны байқаған Исраил ақынның қырағылығына бас иемін ■

Кез келген нәрсе бірден бола салмайды. Өз ойыңдағы шыңға жету үшін талмай еңбектену, іздену керек және көп мәрте тәжірибені талап етеді ■

”

“

Айседора – XIX ғасырда өмір сүрген Америка бишісі. Мен бала кезімнен өз өмірімді бимен көрерменге жеткізуді армандайтынмын. Бір қызығы, осыдан бір-екі жыл бұрын Айседора Дунканның да дәл осындай ойы болғанын білдім. ■



# ӘРІПТІҢ СЫРЫ ӘРІДЕ



1998 жылы iMac әлемге ұсынылғалы бері, кіші «i» әрпі Apple-дың құрам бөлігі болып табылады. Мүмкін, әлемдегі ең әйгілі әріптердің бірі шығар, бірақ көбісі бұл әріптің не мағына беретінін біле бермейді. iPhone-дағы «i» әрпі телефонның ерекшелігі саналады. «I» әрпінің негізгі мағынасы – «internet».

Стив Джобс алғашында компьютерді әлемге ұсынғанда: «Біздің мақсатымыз – әлемде нөмірі бірінші компьютер жасап шығару және «i» әрпі «нөмірі – бір» деген мағынаны білдірсін дегіміз келді», – дейді.

Стив Джобстың айтуынша, «i» әрпі тек «интернет» және «нөмірі – бір» деген мағынаны білдірмейді. Әлемге алғаш ұсынған сәтте «i» әрпіне қатысты бірнеше сөз қолданған: ғаламтор, жеке, нұсқау беру, хабарлау және шабыттандыру (internet, individual, instruct, inform, inspire).

«I» әрпінің олар үшін басқа да мағына беретінін айтқан Стив Джобс бұл туралы: «Біз компьютер шығаратын компаниямыз, сондықтан біз үшін бұл «білім» деген мағына білдіреді. Себебі көптеген тұтынушы дербес компьютерді ғаламторға қосып, білім мен ақпарат алуға пайдаланады», – дейді. «I» әрпі қазіргі таңда ең танымал брендке айналған ■

# МЫҢ ЖАСАҒАН ТҰТ АҒАШЫ



Түркістан қаласының іргесінде Қарнақ деген ауыл бар. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі атақты «Тайқазан» осы ауылда құйылған. Қарнақтың тағы бір ерекшелігі – мұнда, елдің айтуы бойынша, тұт ағашының жасы мың жылдан асады.

«Мәдени құндылықтарды түгендеу, құжатқа түсіру мақсатында құрылған экспедиция құрамында болғанымызда осы тұт ағашына арнайы бардық. Бес-алты адам қол ұстасып құшағын жайса да, еніне еркін бойламайды», – деп жазады «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі.

Осындағы ескі көз ағайындардың сөзіне қарағанда, бұл тұт ағашын мұсылмандықты уағыздаушы діндар Имам Бақли еккен екен. Енді бірі «пайғамбарымыздың әскер сардары қадаған шыбықтан өнген» деседі.

Бүгінде ортасын шірік кеулеп, бой-бой жарылып жатса да, бұталары жыл сайын бүршік жарады. Талай ғасырды артта қалдырған көнекөз ағаштың жапырағын жұлған адамдар өте жайсыз түс көріп, қиыншылықтарға ұшырайды-мыс. Сондықтан тұрғындар мен саяхатшылар бұған зиярат етіп келеді. Бұл – біздің кейбір ағайын айтатындай Аллаға серік қосу емес, халқымыздың ырым-нанымы. Қалай дегенде де, табиғаттың бір құпиясы осы тұт ағашының әлі күнге дейін өмір сүруінде болса керек ■



Құпия деген не? Елге нені айтуға болады және айтылмайтын қандай құпия болуы тиіс? Тізімге көз жүгірткен адам біразымен еріксіз келісері сөзсіз.

## Айтылмауға тиісті бірінші құпия – келешекке құрған жоспар.

Жоспар толыққанды орындалмайынша, ол туралы тіс жармау керек. Адамның кез келген ойы бастапқыда әлжуаз болады. Өне бойы шұрық-тесік келеді. Кез келген жерінен кілтипан тауып, ізгі ойды ойсыратып алу оңай.

## Екінші құпия – қайырымды істер туралы ешкімге айтпау.

Қайырымды іс – жер бетінде сирек кездесетін құбылыс, сондықтан оны көздің қарашығындай сақтау керек. Өзіңізді жақсылық жасағаныңыз үшін асыра мақтамаңыз. Мақтау адамды төкаппарлыққа тез ұрындырады.

## Үшінші құпия – тақуалығыңыз туралы айтпау.

Тамақ, ұйқы, күлкі, төсек қатынасына қатысты шектеулеріңізді ешкімнің білмегені жөн. Төннің шектеуі көңілдің тақуалығымен үйлессе ғана пайдалы.

## Төртінші құпия – жасаған ерлік, батырлық туралы үндемеу.

Өр адам күнделікті сан алуан оқиғаны бастан кешіреді. Біреу білектің күшімен жеңіп жатса, біреудің ақылы асады. Күшпен жеңген адамның ерлігі тез бағаланады. Ішкі арпалысты ешкім байқай бермейді. Сондықтан ол үшін ешкім марапат бермейді.

## Бесінші құпия – рухани жетілу туралы айтпау.

Рухани байлық тек сіздікі. Оны ешкімге айтып абырой жинай алмайсыз. Айналаңыздағы адамдардың шын мұқтажыңың көрсеңіз ғана шет-жағасын айтыңыз.

## Алтыншы құпия – үйдегі ұрыс-керіс пен отбасылық өмір туралы үндемеу.

Есіңізде болсын: отбасыңыздағы ұрыс туралы неғұрлым аз айтсаңыз, оның ынтымағы берік бола түседі. Ұрыс – араласу барысында жиналып қалған зиянды қуат. Түйткілді көп талқылаған сайын, оған өзіңіз көбірек сене бастайсыз.

## Жетінші құпия – баяғыда естіген жаман сөздер туралы айта бермеңіз.

Көшеде жүріп аяқкиімді былғап алуға болады. Ал кейде сананы да былғап алатындар бар. Жолда келе жатып естіген бар қаңсық сөзді үйге келіп айтқан адамның табалдырықтан аттап, былғаныш аяқкиіммен төрге озған адамнан айырмасы жоқ ■

АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ

Мекенжайы:  
Қарағанды қаласы,  
Пичугин көшесі, 259-үй  
Байланыс телефоны:  
8(7212)47-50-69

аймақтық қоғамдық-саяси газет  
Айына 4 рет шығады  
Меншік иесі:  
«Кент» Баспа үйі» ЖШС  
Директор:  
Умуджан БЕКИМОВА  
Директор орынбасары:  
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:  
Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ  
Жауапты хатшы:  
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ  
Тілшілер қосынының жетекшісі:  
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ  
Компьютер орталығының жетекшісі:  
Алена МЕДВЕДЕВА  
Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:  
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,  
44/2; 312-кеңсе  
Байланыс телефоны:  
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34  
Электронды пошта:  
akshamy@mail.ru  
Таралымы:  
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрілігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп,  
тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.  
Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында  
теріліп, беттелді.  
Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның  
көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді.  
Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында  
басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй